



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

2021 Желтоқсан

2021 жылғы желтоқсанда жылдық инфляция 8,4% құрады (қарашада – 8,7%). Азық-түлік тауарларының бағасы бір жылда 9,9%-ға (қарашада – 10,9%), азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы 8,5%-ға (қарашада – 8,3%), ақылы қызметтер бағасы 6,5%-ға өсті (қарашада – 6,4%).

Өңірлер бойынша жылдық инфляцияның бәсеңдеуі 16 өңірде, жеделдеуі 1 өңірде байқалып қалды. Бағаның өсу қарқынының ең айқын баяулауы Түркістан облысында (қараша айындағы 9,0%-дан желтоқсан айында 8,3%-ға дейін) және Жамбыл облысында (8,8%-дан 8,1%-ға дейін) тіркелді, ең айқын жеделдеуі Нұр-Сұлтан қаласында (8,6%-дан 8,8%-ға дейін) байқалды. Жылдық инфляция 7 өңірде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды, олардың ішінде ең үлкен мән Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарында тіркелді (9,2% және 9,1%).

1-сурет. Өңірлер бойынша инфляция серпіні (2020 желтоқсан – 2021 желтоқсан), %-бен

Маңғыстау	7,1	9,2	Атырау	6,8	8,3
Шығыс Қазақстан	6,7	9,1	Қостанай	6,6	8,3
Ақмола	6,6	8,9	Павлодар	7,0	8,3
Нұр-Сұлтан қ.	7,7	8,8	Түркістан	6,9	8,3
Ақтөбе	6,4	8,7	Алматы	6,8	8,2
Батыс Қазақстан	6,6	8,5	Алматы қ.	6,7	8,2
Қарағанды	6,7	8,5	Шымкент қ.	6,6	8,2
Қазақстан Республикасы	6,8	8,4	Қызылорда	6,6	8,2
Солтүстік Қазақстан	6,6	8,4	Жамбыл	6,6	8,1

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Маңғыстау (11,8%), Ақмола (10,9%), Ақтөбе (10,7%) облыстарында, Нұр-Сұлтан қаласында (10,2%) және Солтүстік Қазақстан облысында (10,0%) ел бойынша деңгейден (9,9%) жоғары қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсімі ел бойынша өсімнен (8,5%) келесі өңірлерде жоғарырақ болды: Ақмола (9,8%), Ақтөбе (9,6%), Қарағанды (9,6%), Шығыс Қазақстан (9,1%) және Атырау (8,9%) облыстарында.

Елімізде ақылы қызметтердің бағасы 6,5%-ға өсті, бұл ретте өсім Шығыс Қазақстан (8,0%), Батыс Қазақстан (7,8%) облыстарында, Нұр-Сұлтан қаласында (7,5%), Маңғыстау

(7,4%) және Түркістан (6,9%) облыстарында жалпы республикалық деңгейден едәуір жоғары қалыптасты.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі құрамдастары, %-бен

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлік емес инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	9,9	8,5	6,5
Ақмола	10,9	9,8	5,4
Ақтөбе	10,7	9,6	5,3
Алматы	9,9	8,4	6,1
Атырау	9,6	8,9	6,2
Батыс Қазақстан	9,4	8,0	7,8
Жамбыл	9,7	8,0	6,3
Қарағанды	9,4	9,6	6,3
Қостанай	9,9	8,5	6,1
Қызылорда	9,9	8,5	5,8
Маңғыстау	11,8	7,7	7,4
Павлодар	9,9	8,5	6,1
Солтүстік Қазақстан	10,0	8,5	6,4
Түркістан	9,4	8,3	6,9
Шығыс Қазақстан	9,9	9,1	8,0
Нұр-Сұлтан қ.	10,2	8,3	7,5
Алматы қ.	9,8	8,0	6,3
Шымкент қ.	9,8	7,9	6,5

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

2021 жылғы желтоқсанда елімізде айлық инфляция 0,6% құрады, бұл соңғы 5 жылдағы (2016-2020жж) орташа өсімнен төмен. Ағымдағы жылдың желтоқсан айында өзінің тарихи нормасынан артық өсім тек Нұр-Сұлтан қаласында (0,9%) мен Ақтөбе облысында (0,8%) тіркелді. Ақмола облысында баға өзгерген жоқ. Қалған өңірлерде бағаның айлық өсу қарқыны өзінің тарихи нормасынан төмен қалыптасты. Айлық инфляцияның өсу қарқынының ең көп баяулауы Қызылорда облысында және Алматы қаласында (0,5% деңгейге дейін), сондай-ақ Жамбыл облысында (0,4%) байқалды.

2-кесте. Желтоқсандағы айлық инфляцияны 2016-2020 жылдардағы желтоқсан айының орташа мәнімен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылдағы желтоқсанның орташа мәні	Желтоқсан 2021	Өңірлер	5 жылдағы желтоқсанның орташа мәні	Желтоқсан 2021
Қазақстан Республикасы	0,8	0,6	Шығыс Қазақстан	0,8	0,6
Ақмола	0,9	0,9	Қызылорда	1,0	0,5
Алматы	1,0	0,9	Маңғыстау	0,7	0,5
Атырау	1,1	0,9	Алматы қ.	0,9	0,5

Нұр-Сұлтан қ.	0,5	0,9
Ақтөбе	0,7	0,8
Қостанай	0,9	0,7
Батыс Қазақстан	0,9	0,6
Солтүстік Қазақстан	0,9	0,6

Шымкент қ. ¹	0,7	0,5
Жамбыл	0,9	0,4
Қарағанды	0,6	0,4
Павлодар	0,7	0,4
Түркістан	0,6	0,3

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

¹ Шымкент қаласы бойынша соңғы 3 жылдағы орташа мән